

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Ұрысай ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 6017 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 23 қаңтардағы №01-18/21 ұсынысы негізінде, Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Ұрысай ауылы аумағында мүйізді ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 қазандағы №68 "Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Ұрысай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5818 тіркелген, 2019 жылы 15 қазандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.Тулепов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі

Г. Жумагазиев